

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі
комитетінің кейбір мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 126 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы
№ 854 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 N 854 қаулысымен (01.09.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі үшін кадрларды кәсіби даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЖД-158/6 мекемесі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "Оқу орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Оқу орталығы) құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Оқу орталығы Жарғысының бекітілуін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) Мекеменің ол таратылғаннан кейінгі қалған мүлкінің Оқу орталығына берілуін;

3) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 41, 532-күжат) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі:

"Мемлекеттік мекемелер" деген 2-бөлімде:
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-1-жолмен толықтырылсын:

" 2 - 1 . О қ у о р т а л ы ғ ы " ;
реттік нөмірі 40-жол алынып тасталсын.

5. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақты қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК